«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Керімбек Жылбек Сенбекұлының «Түркі және қазақ әдебиетіндегі діни образдар жүйесі (XIX ғ.аяғы - XX ғ.басы)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Түркі және қазақ әдебиетіндегі діни образдар жүйесі (XIX ғ.аяғы - XX ғ.басы)» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының төменде көрсетілген мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған: 1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); 2) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020- 2025жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	

CamScanner көмегімен сканерленген

		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасында көрсетілген мына тараулар: 1) Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт., 5) Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы 21.11.2018 ж.).
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертация авторы қазақ әдебиеттануы саласында негізгі ғылыми-теориялық еңбектерге сілтеме жасай отырып, зерттеу объектісі ретінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы діни-ағартушылық бағыттарды, сондай-ақ сол кезеңде жарияланған діни әдебиеттерді жан-жақты талдап, өз көзқарастары мен ғылыми тұжырымдарын ұсынған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертация авторының жазу шеберлігі жоғары, ол академиялық жазу қағидалары мен стилін меңгерген, сыни ойлауға қабілетті. Диссертацияның қорғауға ұсынылған тұжырымдары салмақты және күтілген нәтижелерге негізделген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толық негізделген. «Түркі және қазақ әдебиетіндегі діни образдар жүйесі (XIX ғ.аяғы - XX ғ.басы)» тақырыбы ішкі бірлік принциптерін сақтау отыра орындалған. Атап айтқанда көрсетілген мерзімдегі діни мазмұндағы шығармалардың жинақталуы, олардың Ш.Уалиханов еңбектерінде орын алуы жалпы қазақ әдебиеті мен фольклорындағы діни және мифтік образдардың қолданылу ерекшеліктері

CamScanner көмегімен сканерленген

			сараланған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған. Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да түркі халықтары әдебиетіндегі діни образдар жүйесі тақырыбын барынша ашуға бағытталған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсаттары мен міндеттері тақырыбына толық сәйкестік танытады. Зерттеу барысында автор өзіне қойған мақсаты мен міндеттерінің барлығын жүзеге асырған. Түркі халықтарының әдебиеті мен фольклорлық жанрындағы діни образдарды салыстырып, оларды кеңінен талдап көрсеткен.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Зерттеу барысында диссертант бөлімдердің мазмұнын логикалық тұрғыдан байланыстырып, жүйелі түрде ұсынған. Диссертациялық жұмыстың құрылымы мынадай: кіріспе, 8 тараушадан құралған үш бөлім, әр бөлімнің соңындағы тұжырымдар, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі	Диссертацияда автордың жеке көзқарасын білдіретін сыни талдау жасалған. Докторант ұсынған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдіс-тәсілдер жұмыста негізделіп, түркі халықтарының әдебиетіндегі діни

CamScanner көмегімен сканерленген

		шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	ұғымдар мен мифтік бейнелер терең ашылып, қазіргі ғылыми парадигмалар аясында зерттелген. Сондай-ақ, олардың айрықша ерекшеліктері мен түркі халықтарының фольклорындағы діни образдар жайлы басқа ғалымдардың пікірлері сыни тұрғыдан салыстырылып бағаланған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның ғылыми қорытындылары мен жетістіктері толығымен жаңаша сипатта берілген. Ізденуші зерттеулерінің нәтижелерін ғылыми журналдарда жариялаған. Scopus халықаралық ғылыми деректер базасына енген бір мақала, ҚР Ғылым және білім министрлігінің бақылау комитеті ұсынған басылымда үш, сондай-ақ түрлі халықаралық және республикалық конференцияларда алты мақаланың жариялануымен бұл расталады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Барлық қорытындылар, басты болжамдар мен тұжырымдар ғылыми көзқарас тұрғысынан кең ауқымды дәлелдерге сүйенеді және эмпирикалық зерттеулердің нәтижелерінен қалыптасады.

CamScanner көмегімен сканерленген

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін пайдаланылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және ғылыми негіздемелерге сүйенеді. Түркі халықтары, оның ішінде қазақ, қырғыз, түрік, татар және қарақалпақ әдебиеттерін және сонымен қоса эпостарындағы діни образдарды салыстара отырып зерттеу жұмыстың басты жаңалығын айқындайды.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелер де негізделген және эмпирикалық зерттеулердің нәтижелерінен туындайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	7.1 Диссертациялық жұмыста негізгі қағидаттар дәлелденген; 7.2 Диссертациялық жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес; 7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа болып табылады. Автор қағидаттарды жан-жақты қырынан қалыптастырған. 7.4 Диссертациялық жұмыста қағидаттарды қолдану
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) **дәлелденді;**	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	

CamScanner көмегімен сканерленген

		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	аясы кең. Қазақ әдебиеті тарихы саласында осыған дейінгі зерттеулерде диссертацияда талданған мәселелер кең түрде қарастырылмаған. Сол себепті жұмыстың нәтижелері жаңа болып есептеледі. 7.5 Тақырыпты зерттеу барысында отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда баяндамалар жасалған. Бір мақала Скопус (Scopus) базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда, үш мақала ҚР БҒССҚК бекіткен тізімге енетін журналдарда, алты мақала отандық және шетелдік халықаралық конференция жинақтарында жарияланған.
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) **жоқ;**	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін	

CamScanner көмегімен сканерленген

		емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыстың әдіснамасы дұрыс негізделген. Қолданылған зерттеу әдістері диссертацияның бөлімдерінде адекватты сипатталған. Жұмыста сипаттамалық, талдау, жүйелеу, салыстырмалы әдістер пайдаланылған. Бұл диссертация авторының теориялық және әдістемелік жағынан дайындығын көрсетеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерін ұлттық ерекшеліктер негізінде діни образдардың өзіндік табиғатын ашу үшін тиімді түрде қолдануды көрсетті.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген, әрі расталған.

CamScanner көмегімен сканерленген

		үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды тұжырымдар нақты, әрі сенімді ғылыми деректерге сілтеме арқылы дәлелденген. Диссертациялық жұмыста теориялық және әдіснамалық негіз ретінде түркі халықтарының фольклорындағы діни образдар мен ұғымдарға зерттеу жүргізу үшін келесі ғалымдардың теориялық-әдіснамалық ой-пікірлері мен негізгі еңбектері ескерілген. Атап айтқанда: Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхаммедұлы, Ә. Бөкейханов, М. Әуезов, Ә. Маргұлан, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, У. Қалижанов, Ш. Ыбраев, Б. Әзібаева және басқа зерттеушілердің еңбектері пайдаланылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертациядағы әдебиеттер тізімі әдеби шолу жүргізу үшін толыққанды жеткілікті. Жұмыста 180 отандық және шетелдік авторлардың еңбектері, сондай-ақ электрондық ресурстар пайдаланылған. Барлық пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеу талаптарына сәйкес келтірілген.

CamScanner көмегімен сканерленген

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдар мен ой-пікірлер түркі халықтарының, атап айтқанда қазақ, түрік, татар, қырғыз, қарақалпақ әдеибетіндегі және эпостарындағы діни бейнелерді зерттеуге бағытталған. Бұл зерттеулер фольклортану мен әдебиеттану ғылымдарының теориялық негіздерін тереңдетіп, осы салалардың дамуына елеулі үлес қосады.
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертациялық жұмыс әдебиеттану мен фольклортанудың және басқа гуманитарлық сала ғылымдарының өзара байланысын зерттей отырып, жаңа білімдерді ашуда практикалық мәнге ие. Бұл диссертациялық жұмысты әдебиеттану, дінтану мамандығының студенттері үшін таңдау пәні ретінде ұсынуға болады.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыста көрсетілген практикалық ұсыныстар жаңашыл сипатқа ие. Олар әдебиеттанудағы мазмұндық және әдіснамалық ерекшеліктерді назарға ала отырып жасалған және жоғары оқу орындарының оқу бағдарламалары мен әдістемелік құралдарын жетілдіруге, қазақ және түркі әдебиеті тарихын кезеңдерге бөлу мен әдебиеттану және фольклортануды оқытуда тиімді әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Ұсыныстардың жаңалығы зерттеу барысында жинақталған материалдар мен қорытындылардың практикалық қолдануға бейімделгенінде жатыр.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

CamScanner көмегімен сканерленген

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс барлық академиялық жазу мен рәсімдеу талаптарына сай келеді. Жазу сапасы жоғары деп бағалауға болады.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның кей тұстарында техникалық, орфографиялық, стилистикалық қателер кездеседі. Әдебиеттер тізімін рәсімдеуде ішінара кемшіліктер бар. Алайда бұл көрсетілген ескертулер диссертациялық жұмыстың жалпы құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді деп санаймын.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысы барысында 10 ғылыми мақала жарық көрген. Оның ішінде скопус (Scopus) базасына енетін нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда 1 мақала, ҚР БҒССҚК бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақала, отандық және шетелдік халықаралық конференция жинақтарында 6 мақала жарияланған. Осы мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, ғылыми ортаның назарына ұсынылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне алу үшін ұсынылып отырған Керімбек Жылбек Сенбекұлының «Түркі және қазақ әдебиетіндегі діни образдар жүйесі (XIX ғ.аяғы - XX ғ.басы)» тақырыбындағы

CamScanner көмегімен сканерленген

			диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы **А.Ш.Пангереев**

CamScanner көмегімен сканерленген